

УДК 681.35.

**БЕЙНЕЛЕУ ІС-ӘРЕКЕТІ БАЛАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН
ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ**

Әбдікүл Мерейлім

merei_abdikul@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының
2 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ф.Н.Жұмабекова

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету» және шығармашылық қабілетті дамыту міндетін жүзеге асыру көзделген [1].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»[2]. Үлгілік оқу бағдарламасының «Шығармашылық» білім беру саласына сәйкес зерттеу жұмысы жүргізілді [3].

Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекеттерімен байланысты ойлау қабілеттерін дамыту өзекті мәселе. Шығармашылық қабілеттің дамуы

балалардың интеллектісін дамытумен байланысты екендігін негізге ала отырып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастырудың, іс-әрекеттің субъектісінің шығармашылық сапалық ерекшеліктерінің, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кезінде шығармашылық тапсырмаларды ұтымды қолданудың мәні зор [4].

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру қазіргі заманның педагогикалық теориясы мен практикасың даму кезеңдеріне қосылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекетін бейнелеу өнері негізінде қалыптастырудың маңызы ерекше. Қай заманда болмасын адамзаттың басты міндеттерінің бірі - өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақылды да саналы, тәртіпті де еңбексүйгіш, өнерге бейім, өзінің ұлттық салт дәстүрін құрмет ететін ұрпақ тәрбиелеу екені көпке мәлім.

Шығармашылық - бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жетістіктері - шығармашылықтың нәтижесі. Әр жас ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткізген жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Баланың дербес іс-әрекет етуінде үлкендердің жетекшілігі жанама ықпалмен шектеледі, ол тек іс-әрекетке бағыттап, еске түсіреді немесе қателерді түзетеді. Ал балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда бейнелеу өнерінде көрнекіліктерді арнайы жүйеленген нұсқаулары мен әдістемелік құралдарды тиімді қолдана білу және іс-әрекеттің түріне қарай әдіс-тәсілдердің жаңаша бағыттарын пайдаланудың маңызы зор.

Қазақстанда мектепке дейінгі жастағы бейнелеу өнері бойынша тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға зерттеу жүргізген ғалымдар Т.А.Левченко, А.Ж.Салиева, Ф.Н.Жұмабекова, Р.Нұрмұхаметова т.б.

Ресей педагогика ғылымдары академиясының мектепке дейінгі тәрбие ғылыми зерттеу институттарында бейнелеу өнері бойынша (Н.П.Сакулина, Т.С.Комарова, Т.Г.Казакова, В.Б.Косминская, Е.Г.Ковальская, С.Г.Якобсон т.б.) арнайы зерттеулер жүргізіп, бейнелеу іс-әрекетінің әдіс-тәсілдерін жан-жақты қарастырған [4].

Педагог Т.С.Комарованың «Балаларға сурет салудың техникасын үйрету» атты еңбегінде бейнелеу іс әрекеті туралы мынадай түсініктеме берілген болатын: «Сурет сабағы қоршаған өмірде, көркем шығармаларда сұлулықты көре білу қабілетін дамытады. Олардың өзіндік көркемдік іс-әрекеттері балаларға кескіндеме, графика, мүсін, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын біртіндеп түсінуге көмектеседі. Балабақшада сурет салуды оқытудың басты мақсаты - ол балаларды заттар мен құбылыстарды бейнелеу арқылы өмір тәжірибесін бейнелеу құралы ретінде үйрету [5].

Педагог Н.А.Ветлугинаның «Көркем шығармашылық және бала» атты педагогикалық әдебиетінде бейнелеу іс әрекеті туралы: педагогикалық әдебиетте Е.А.Флерина, Н.П. Сакулина, Е.Г. Ковальская мектеп жасына дейінгі балалардың көркем шығармаларды қабылдауы және Э.А.Флериннің өнерін дамытудың әдістемелік нұсқауларында қолдану мәселесіне үлкен мән беріледі. Ол бейнелеу өнерінің түрлерін бір мәнді емес етіп бейнелеуді ұсынады: мүсін, ойыншық, модельдеу кезінде, керісінше, сурет шығармашылық қабілетін қалыптастыру мақсатында [6].

Шығармашылық - бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жетістіктері - шығармашылықтың нәтижесі. Әр жас ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткізген жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді [7].

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекеттерін қалыптастыру қазіргі заман педагогикалық теориясы мен практикасың даму кезеңдеріне қосылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әрекетін бейнелеу өнері негізінде қалыптастырудың маңызы ерекше. Қай заманда болмасын адамзаттың басты міндеттерінің бірі - өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақылды да саналы, тәртіпті де еңбексүйгіш, өнерге бейім, өзінің ұлттық салт дәстүрін құрмет ететін ұрпақ тәрбиелеу екені көпке мәлім

Бейнелеу іс әрекетінде дәстүрлі іс-әрекет түрлерінен басқа жаңаша бағыттағы сурет салудың түрлерін де балабақша тәжірибесінде қолданылуда. Атап айтқанда: «ЭБРУ» сурет салу әдісі, арт терапия, «3Д» т.б. сурет салудың осы түрлерімен бірқатар балабақшаларда бейнелеу іс-әрекетінде баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда пайдалануда. Сонымен қатар бейнелеу іс - әрекетіне қабілеттілік әр адамның бойында дамыған болуы мүмкін. Бірақ осы іс - әрекетке туа біткен жақсы нышандары бар адам өнер саласында шығармашылықпен жұмыс істей алатындай дәрежеге дейін қабілетін дамыта алады, бұл кезде қолайлы нышандары неғұрлым аз адамдар қабілетін заттарды сауатты, графикалық жағынан дұрыс бейнелей алатындай дәрежеге дейін ғана дамыта алады. Осылайша бала бір затты суретке бейнелей отырып оның сюжетін жасайды және ол туралы сезімін көрсетеді. Сонымен қатар бала бақшада педагог балаға сурет салу іс әрекетінде дәстүрден тыс сурет салудың бала шығармашылығын дамытуда едәуір тигізер пайдасы көп [8].

Дәстүрден тыс әдіс сурет салу балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда өте тиімді әдіс-тәсілдер. Балалар өздері меңгерген әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, тапсырманы ұқыпты, таза орындау дағдыларын қалыптастырады. Сурет салуда еркін қозғалыс жасай отырып, сызықтарды батыл жүргізу, түстердің үйлесімділігін сезіну, сурет салуға белгілі бір заттардың пішінін ұқсата білуге үйретеді. Қарындашты, бояуды дұрыс пайдалана білу, баланың бос уақыттарында көмір қарындаштар мен түрлі-түсті бояуларды пайдалана білуге үйрету, бояу түстерін алмастырып отыруды, сызықтардың түрлерін – тұзу, қисық, тұйық кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтырады.

Әсіресе балалардың ой-өрісін дамытуға, өзгеше ойлауға, шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектесетін дәстүрлі емес бейнелеу тәсілдері қызықтырады [9].

Дұрыс техникалық дағды бала бойында сабақ сайын дамып, қалыптасып отырады. Балалар сурет салу тәсілдерін құрғақ түсіндіргеннен емес, өздері тәжірибе жасаудан үйренеді. Балалар бақшасында сурет салу үшін көптеген құралдар беруге болады: түрлі-түсті және қара қарындаштар, акварель және гуашь бояулар, балауыз борлар, фломастерлер, акварель борлар, пастель, көмір, сангина, тушь, пластилин т.б. Балаларды үйрету барысында оларға ұсынылған түрлі заттар қызығушылықты арттырады. Олар тіпті, қара қарындаштың өзін заттың мазмұнын беру үшін әртүрлі басу арқылы ғажап суреттер сала алады.

Бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдіс-тәсілдері: тұзды қамырды қолдану; қағазды сулап салу тәсілі, жұлмалап қию тәсілі, бояуды үрлеп салу тәсілі; паролон оралған тампон арқылы сурет салу тәсілі т.б. Картоптан ойып жасалған бастырма қолдану арқылы қысқы шыршаларды жасыл бояуға батырып, қағаз бетіне бейнесін түсіндіреді. Мұндай жаңаша сурет салу түрлері балалардың қызығушылықтарын оятумен бірге, заттар туралы мағлұматтарын кеңейте түседі. Сонымен қатар дәстүрлі емес әдістер балалар үшін тартымды, өйткені өзінің қиялын, ықыласын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді. Бейнелеу іс - әрекетіне қабілеттің жетекші қасиеттері қиялдау болып табылады, қиялсыз ойдың өз көрінісін табуы мүмкін емес. Бейнелеу қабілетінің құрылымында оның негізгі қасиеттері толық қабылдауды қамтамасыз ететін жоғары табиғи көру сезімталдығы; дағдыларды шапшаң және жақсы меңгеруге көмектесетін қолдың ерекше іскерлігі болып табылады. Бейнелеу іс - әрекетін қамтамасыз ететін және осы іс - әрекет фонын құрайтын қасиеттер белгілі бір эмоциялық көңіл - күй болып табылады.

Оқыту жүйесін жасаған кезде бейнелеу іс - әрекеті құрылымының осы ерекшеліктерін ескерген жөн. Бейнелеу іс - әрекетіне қабілеттілік әр адамның бойында дамыған болуы мүмкін. Бірақ осы іс - әрекетке туа біткен жақсы нышандары бар адам өнер саласында шығармашылықпен жұмыс істей алатындай дәрежеге дейін қабілетін дамыта алады, бұл кезде қолайлы нышандары неғұрлым аз адамдар қабілетін заттарды сауатты, графикалық жағынан дұрыс бейнелей алатындай дәрежеге дейін ғана дамыта алады [10].

Бейнелеу өнері балалардың эстетикалық сезімін, көркемдік талғамын оятып, шығармашылық қиялын дамытуға өте жоғары деңгейде көмектеседі. Бала сурет сала, қия және желімдей келе, бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады. Бала үшін

мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін меңгеріп, бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, заттар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренеді

Біріншіден, үкіметіміз білім беру ұйымдарында Тәуелсіз мемлекетімізді өркениетті елдер қатарына жетуде шығармашыл, креативті ойлай алатын ұрпақ тәрбиелеуді талап етуде. Бұл мақсатты жүзеге асыруда мектепке дейінгі ұйымдардан бастап баланы шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, өмірлік дағды қалыптастыруға бағытталған әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарының қалыптасуына өз септігін тигізеді.

Екіншіден, мектепке дейінгі жаста бейнелеу іс-әрекетінің түрлеріне талдау жасап ондағы жаңаша дәстүрден тыс әдістердің мазмұнын баяндап өттік. Суретті бала қалай салады және әртүрлі әдістерді қалай қолдануға болады деген сұрақтарға жауап іздеп оны іс-әрекет арқылы көрсеттік. Жаңа әдіс-тәсілдерді баламен тәжірибе жүзінде сынақтан өткізіп баланың шығармашылық қабілеттерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы дамытудың жолдарын қарастырдық.

Үшіншіден, ересектер тобында сурет салу арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілдердің жаңаша бағыттарын байқаудан өткіздік. Ұйымдастырылған оқу қызметінде осы әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырдық. Сонымен қатар балаларды бейнелеу өнеріне баулуда осы әдіс-тәсілдер арқылы балалардың іс-әрекетке қызығушылығын оятуға, шығармашылығын дамытуға ықпал етуді көз жеткіздік. Нәтижесінде балада сурет салудың жаңа әдіс-тәсілдерін меңгеріп, қарапайым дағдылары қалыптасатындығы байқалды.

Төртіншіден, баламен тәжірибе жүзінде дәстүрлі емес тәсілдердің маңызын ашып көрсеттік және осы әдістерді қолдана отырып баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың тиімді жолдарын қарастырдық. Сонымен қатар балада сурет салу іс-әрекеті арқылы бейнелеу өнеріне қызығушылығы арта түсті [11].

Ойымызды қорытындылай келе, бейнелеу іс-әрекеті арқылы баланың шығармашылық қабілетін түрлі қызықты әдіс тәсілдермен және дәстүрден тыс әдістермен, жаңа күрделі техникалармен дамытудың әсері жоғары екеніне көзіміз жетті. Бейнелеу іс-әрекетінде бұл әдіс техникаларды оқу-тәрбие үдерісінде балалардың ақыл-ойын дамытуға ықпал ететінін, қиялының дамуына эстетикалық қабілетінің жоғарылауына ықпал ететінін ескеріп, тәрбиеші педагогтар оқу қызметінде тиімді пайдалана білуі тиіс деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 29 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты».
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы. 2016.
4. Жұмабекова Ф.Н. Бейнелеу өнерінің әдістемесі. Алматы. ЕВЕРО. 2014.
5. Комарова Т. С. «Обучение детей технике рисования» Изд. 2-е, перераб. и доп. - М., «Просвещение», 1970. - 158 с.
6. Н. А. Ветлугиной. М., «Художественное творчество и ребенок. Монография. Под ред. М., «Педагогика», 1972
7. Ф.Н.Жұмабекова. Өнер көзі – халықта. Алматы, Ақнұр баспасы. 2017.42
8. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік нұсқау. Астана. 2017.
9. <https://stud.kz/referat/show/76812> «Бейнелеу өнері .
10. Дәстүрлі емес сурет салу техникасы infourok.com

11.Аманжолов. С.А. Бейнелеу өнерінің әдістемесі. - Астана. 2010.